"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/1703
06.04.2018ж.

«Боонис КС» ЖШС-нің директоры С.Шанкөзге

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 2018 жылғы 28 наурыздағы №50 өтінішіңізді қарап, келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан ұйымдастырушы «Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі – Ұымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен 26.12.2017 жылы жарияланған №2157284-1 «Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы №7 колледжінің оқу шеберханасы ғимаратының күрделі жөндеу» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталында **29.12.2017 жылы** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 10 наурыздағы № 157 бұйрығына сәйкес «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қағидасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасы негізінде жарияланғаны анықталды.

Яғни, аталған мемлекеттік сатып алу 15.06.2017 жылы жаңартылған Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының *(әрі қарай - Қағидалар)* талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес егер техникалық ерекшеліктің орнына конкурстық құжаттамада заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылған болса қажетті материалдық және еңбек ресурстары құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарына қажеттілікті қамтитын жобалау-сметалық құжаттаманың (құрылысты ұйымдастыру жобасы) тиісті бөлімінде көрсетіледі делінген.

Конкурстық құжаттаманың 5 қосымшасының ескертпесінің 10 тармағына сәйкес растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады деп көрсетілген.

Жоғарыда аталған жұмысты орындау үшін қажетті құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері көрсетілген тізіміне сәйкес

сұратылған *«Краны башенные 8 т»* техникасын әлеуетті өнім беруші «Боонис КС» ЖШС-гі біліктілігі туралы мәліметінде «Южказэнергосетьстрой» ЖШС-нен жалға алғаны көрсетіліп, растаушы құжаттары болып табылатын 28.12.2017 жылғы н/с жалға алу келісім-шартын және тіркеу тіралы куәлігін ұсынған.

Алайда, мемлекеттік сатып алу веб-порталында қосымша «Южказэнергосетьстрой» ЖШС-гі тарапынан Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің ОҚО бойынша департаментіне *«С-981А маркалы №П-3067 номерімен тіркелген кран башенный»* техникасын «Южказэнергосетьстрой» ЖШС-нің есебінен шығару туралы 30.01.2018 жылғы №4 өтініші тіркелген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің ОҚО бойынша департаментінің 07.03.2018 жылғы №03-182 хатында «Южказэнергосетьстрой» ЖШС-не тиесілі *«С-981А маркалы №П-3067 номерімен тіркелген кран башенный»* техникасы есептен шығарылғаны хабарланған. Яғни, әлеуетті өнім беруші «Боонис КС» ЖШС-гі материялдық ресурстары бөлігі бойынша конкурстық құжаттаманың талабына сай емес.

Бұған қоса Қағидаанын 134 тармағында Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтадан қарау кезінде конкурстық комиссия: Заңның 27-бабы 5-тармағына сәйкес біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысу өтінімдерінде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы.

Заңның 11 бабы 2 тармағында әлеуетті өнім беруші ұсынатын ақпараттың анықтығын тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында анықтай алады.

Осыған орай, әеуетті өнім беруші «Боонис КС» ЖШС-нің конкурстық өтінімі мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға рұқсат берілмеген.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Басшының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Келісілген:
А.Мұратов

Орын.Умирбеков У.
Тел: 35-06-06